

Институт «Жасыл эконо- миканы» қолданады



Қаламыздағы Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ «Гибридті жел мен күн электр станциясын» орнатты.

Табиғаттан энергия алу қазіргі уақытта әлем бойынша жүзеге асып жатқан технология болып саналады. Соны технология қаламызға да қадам басты. Яғни, Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ «Жасыл экономиканың» қалай жүзеге асатынын студенттеріне көрсетіп, оны қолдануды әрі қарай жүзеге асыру мақсатында аталған кешенді орнатып қойды. Институт ректорының шарауашылық жөніндегі орынбасары Бақытбек ЖАРҚЫНБАЕВ мәлім еткендей, аталған құрылғы күніне 3 кВт энергия беруге қауқарлы. – Бұл қондырғы негізінен институтымыздағы физика – математика факультетінің білім алушыларын жаңа технологиямен таныстыру мақсатында орнатылды. Оқу – бағдарламасына арналғанымен бұл кәнігі құрылғы. Күніне 3 кВт энергия бере алады. Күн батареясынан бөлек, желмен айналатын құрылғы аккумулятордың күші біткен жағдайда оны қуаттайды, – деп ой бөлісті маман.